

ҒТАХА 16.21.33

DOI: <https://doi.org/10.62724/202430207>

### Шерубай Құрманбайұлы<sup>1</sup>

филология ғылымының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі  
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Немат Келімбетов атындағы  
Түркітану орталығының жетекшісі, Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қ.,  
Достық көшесі 13, [sherubaykurmanbaiuly@gmail.com](mailto:sherubaykurmanbaiuly@gmail.com)  
ORCID ID: 0000-0002-4587-4452

### Әділов Марлен Ерланұлы\*<sup>2</sup>

Түркітану PhD докторы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Немат Келімбетов атындағы Түркітану орталығының ғылыми қызметкері. Қазақстан  
Республикасы, 050040, Алматы қ., Достық көшесі 13, [marlenadilov88@gmail.com](mailto:marlenadilov88@gmail.com),  
ORCID ID: 0000-0001-9876-4516

## ҚАРЖЫ-САУДА ЛЕКСИКАНЫҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ ДАМУЫ: ҚОР, ҚҰН ЖӘНЕ ТАУАР СӨЗДЕРІ

**Аңдатпа.** Қазақ тілі лексикасының байлығы оның қай саласын алса да сөздік қорының молдылығы мен алуан түрлілігінен байқалады. Әсіресе осы тақырыпқа арқау болып тұрған қаржы-экономикамен байланысты сөздердің қазақ тілінде көптеп кездесуі қазақ халқының ежелден экономика мен қаржыны жақсы меңгергенінің дәлелі бола алады. Оңтүстіктегі отырықшы түркі халықтары мен тілдері арасында да қазақ тілі терітон, киім-кешек, ас-тағам, кен-қазба, тері-мата, зергерлік бұйымдар атауларының бай болуымен әрі түбі түркі төл сөздердің көбірек сақталуымен ерекшеленеді.

Мақалада қазақ тілінің белсенді лексикасында қолданылып келе жатқан қаржы-экономика саласы терминдері мен жекелеген атаулар талданған. Қазақ тіліндегі кейбір қаржы-экономика және сауда терминдерінің түпкі мағынасы мен этимологиясы көне және ортағасыр түркі жазба ескерткіштерінен бастап, қазіргі түркі тілдері деректері негізінде беріледі. Сөздер арасындағы семантикалық байланыстар мен қосымша дәлелдер үшін туыстас емес тілдердің материалдары да пайдаланылды. Аталған зерттеу жұмысында қазақ қаржы-экономика лексикасының ішінде негізінен түркі тілдеріне ортақ төл сөздер қамтылған. Соның ішінде «қор», «құн», «тауар» деген тілдегі белсенді сөздердің мағыналық жағынан өзгеру тарихы қарастырылып, олардың түп-төркіні жайында тұжырымдар айтылды.

**Кілт сөздер.** Қазақ тілінің сөздік қоры, түркі лексикасы, қаржы-экономика терминдері, қор, құн, тауар.

**Кіріспе.** Қазақ тілінде көне түркі дәуірінен бері қолданылып келе жатқан қаржы, экономика салаларына, жалпы сауда-саттыққа байланысты сөздер мен ұғымдар көптеп кездеседі. Мысалы, *ақша, алтын, алым, алыс-беріс, айырбас, баға, бақыр, берешек, борыш, жармақ, иелік, келісім, күміс, кіріс, мал, меншік, өсім, өтем, салық, сатушы, сатым, сауда-саттық, табыс, тауар, теңге, тиын, төлем, түсім, үлес, шығын* деген төл терминдер көне түркі дәуірінен бері қолданылып келеді. Осындай атауларды жиыптеріп, тарихи даму барысындағы олардың дыбыстық-тұлғалық өзгерістерін анықтап, түбірін ажыратып, мән-мағынасын ашып, түркі тілдеріндегі қолданысын әрі кірме элемент ретінде өзге тілдерге кіру дәрежесін көрсету маңызды саналады. Сала лексикасының тілдік ерекшеліктері айқындалып, қаржы-экономика атауларының тілдік табиғаты, көне дәуірлерден бергі даму үрдісі, қазіргі жай-күйі көрсетілу арқылы қазақ

тілінің шексіз байлығын, терең тарихын паш ету көзделеді. Сөздерді талдау арқылы екінші жағынан туыстас түркі тілдерінің ерте дәуірлерден бері өзара туыстық байланысы, тарихи тамырластығы, туыстас емес халықтармен рухани-мәдени қатынасы да тілдік деректер негізінде дәлелдене түседі.

**Зерттеу материалдары мен әдістері.** Мақаланы жазу барысында түрлі тарихи дереккөздер (оның ішінде көне және ортағасыр түркі жазба мұраларының индекстері) мен түркі тілдері сөздіктерінен тақырыпқа қатысты сөздер жиналып, салыстырылып зерттелді. Бұл зерттеу тақырыбына негізінен көне және ортағасыр түркі жазба ескерткіштерінен бастап, қазіргі түркі тілдерінде қолданылып келе жатқан қаржы-экономика саласы терминдері мен сөздері арқау болып отыр. Мұнда қазақ тіліндегі жекелеген қаржы-экономика атауларының түпкі мағынасы мен этимологиясы түркі тілдері деректері негізінде талданады. Зерттеу барысында түркі тілдеріндегі бүкіл қаржы-экономика лексикасын тұтас қамту мүмкін емес. Сол себепті негізінен көптеген түркі тілдеріне ортақ әрі қазақ тілінде де бар төл атауларды зерттеу көзделеді. Түркі тілдерінің тілдік деректерін салыстыра, салғастыра талдау нәтижесінде туыстас тілдерге ортақ қаржы-экономика лексикасының алғашқы тарихи-салыстырмалы сөздігін шығару көзделіп отыр.

### **Нәтижелер және оларды талқылау.**

**1. «Қор» сөзінің семантикалық дамуы.** Қазіргі кезде қор сөзі көбіне *ұлттық қор, зейнетақы қоры*, «Самұрық қазына» *әл-ауқат қоры, қайырымдылық қоры, ішкі қор, қор биржасы* секілді ресми қолданыстарда айтылады. Сонда осы тіркестерге қарап оның орысша айтсақ «фонд» деген белсенді мағынасы аңғарылады. Сөздің бұл мағынасы – «жиналған ақша, капитал, сақталатын қаражат, қаржы, байлық» деген ұғымдарды қамтиды. Осыдан келіп «*Қордың* түпкі, ең көне мағынасы осы ма?» деген заңды сұрақ туады. Өйткені ол терминнің қазіргі «жиналған немесе жиналатын қаражат» деген белсенді мағынасы негізгі емес, ауыспалы екінші, үшінші мағыналары болса керек. Қазіргі тілде соңғы мағыналары актив қолданылғандықтан, *қор* сөзінің бастапқы семантикасы ұмытылып барады.

«Қор» сөзінің ең көне мағынасы – «ашытқы, ұйытқы». Ертеректе қазақ тілінде *қордың* тек екі мағынасы болған ол – «қымыз ашытқысы» және «қызыл шок». Бұлардың екеуі де көшпелі мәдениет дәстүрін жалғастырушылар сақтауға міндетті өте құнды дүниелер болған. Ақ қор болмаса ішетін сусын, ас болмай қалса, қызыл қор болмаса от, жылу болмайды. Сондықтан бұл екеуін қорып (қору дегеннің өзі осымен байланысты болса таңғалмаймыз) сақтаған. Сонда қор дегеніміз – «негіз», онсыз дастарханда өмір сүруге аса қажет сусын, шаңырақта жылу болмайды. Сондықтан оны қызғыштай қорып сақтайды. Осы мағынадан барып қазіргі «ақша қоры» деген туынды мағынасы пайда болды деп ойлаймыз.

*Қор* сөзі ең алғаш XI ғасырдың құнды мұрасы Қарахан дәуірі жәдігері Махмұт Қашқаридың сөздігінде жазылған, онда да тек «қымыз ашытқысы» деген мағынасы тіркелген; ал *қорлуқ* деген туынды тұлғасы «ашытқы ыдысы» дегенді білдірген [1, 458].

Мәмлүк қыпшақ ескерткіштерінде де *қорлуқ* «ашытқыға арналған дорбаша» деген формасы сақталған [2, 33].

Қазіргі кейбір түркі тілдерінде ғана қазақ тіліндегідей екі мағында жұмсалады. Мысалы: қырғыз т. *қор* «қымыз, боза ашытқысы; қор, ақша, мал, мүлік қоры» (КРС 405); Түрікмен т. *гор* «ұйытқы; ауысп: ақша қоры» (ТРС 188).

Өзбек және қарақалпақ тілдері сөздіктерінде тек ауыспалы семантикасы тіркелген: қарақалпақ т. *қор* «қор, ақша қоры»; өзбек т. *қур* «жиналған дүние, мүлік, ақша, қор; байлық»; *қур-қот* «құт-береке» (УТИЛ 639). Соған қарағанда бұл тілдерде алғашқы

мағынасы ұмытылғанға ұқсайды. Дегенмен өзбек тілінің диалектілерінде *қор* «сүт ұйытқысы» (УХШЛ 164) болып сақталған.

Батыс қыпшақ тілдерінде және түрік диалектілері мен хакасшада тек көне мағынасында ғана қолданылады, қазақшадағыдай ауыспалы әрі актив мағынаға ие болған жоқ. Мәселен, татар тілінің диалектілерінде тек алғашқы мағынасында айтылады: *қур* «ашытқы; нан ашытқысы» (ТТДС 427); башқұрт т. *қур* «қымыз ашытқысы»; башқұрт т. диал. *қур* «нан, қамыр ашытқысы» (БТһ I 704); қарашай-балқар т. *қорлиқ* «ашытқы, ұйытқы» (РКБС 176); түрік т. диал. *korluk* «ашытқы» (DS VIII 2922); хакас т. *хордың* «ашытқы» (ХРС 288).

Бір қызығы, мұндай құбылыс (ашытқының байлық дегенді білдіруі) тек қазақ, түркі тілдерінде ғана емес, моңғол, парсы, тіпті Европа тілдерінде байқалады. Мәселен, моңғол тілдерінде *көрүнге* формасында және түркі тілдеріндегідей негізгі әрі ауыспалы мағыналарында жұмсалады: моңғол жазба тілінде *көрүнге*; халка т. *хөрөңгө*; бурят т. *хүрэнгэ*; қалмақ т. *көрң* «ашытқы; ұйытқы; фермент; бидай тұқымы; ашымақ, сыра; мүлік, әл-ауқат, қор, капитал» [3, 143].

Бұл сөз якут тіліне бір мағынада ғана: *көйөргө* «қою қымыз ұйытқысы» (ЯРС 176).

Моңғол тіліндегі екі мағынасы тіпті қырғыз тіліне де ауысқаны назар аудартады: *көрөңгө* «қымыз ашытқысы; ауыс.: наны бар, жағдайы бар, ауқатты»; *көрөңгөсү бар/көрөңгөлүү* «ауқатты»; *көрөңгөсү жоқ* «кедей, жағдайы жоқ» (КРС 429). Сонда бұл тілде қымыз ашытқысы байлықтың эквиваленті ретінде айтылған, мысалы жоғарыдағы *көрөңгөлүү* «бай адам (сөзбе сөз ашытқысы, негізі бар)». Тура солай біздегі *қор* сөзі де байлық мағынасына ие болып тұр. *Қорбай, Қордыбай, Қордабай* деген есімдер – соның айғағы.

Түркі тілдеріндегі *қор* сөзінің ауыспалы мағынасына ие болғандай парсы тіліндегі «мая, ашытқы» дегенді білдіретін *майә* сөзі де «капитал» (ПҚТС 247) мағынасына ие болған. Тіпті ол мағынасы түрік тіліне де өткен, ол тілде *sermaye* (сөзбе сөз: негізгі ақша) «қор, капитал» (ТурРС 764) деген мағынада жиі жұмсалады.

Енді *қор* сөзінің орыс тіліндегі аудармасы *фонд* деген атау «ашытқы» деген мағынадан келмесе де соған ұқсас «түп, негіз» деген мағынадағы латыншадағы *fundus* дегеннен келген. Осылайша *фонд* пен *фундамент* екеуі бір түбірден келіп тұр.

Сайып келгенде, *қор* сөзі «негіз» ұғымымен байланысты, орысша *фонд* болса фундаментпен байланысты, екеуі осылай тоғысады. Қор айран мен қымыздың негізі болып, кейін барып байлықтың, қазынаның негізіне, яғни қаржылық қорға ауысты.

## 2. «Құн» сөзінің мағыналық өзгеруі

«Құн» сөзі қазір көбіне «баға, бірнәрсенің ақшаға шаққандағы бағасы немесе бір нәрсеге жұмсалған шығын шамасы» деген экономикалық мағынада қолданылады. Экономикалық термин ретінде *қосымша құн, айырбас құн, тұтыну құны, кредит құны, құны түсті, құнды қағаз, құнсыз, құнсыздану*, т.б. мысалдарда айтылады. Күнделікті өмірде *құны жоқ* немесе *құны бес тиін* деп те жиі айтады. Бұлардың бәрі *құн* терминінің негізгі мағыналары сияқты көрінгенмен, оның алғашқы семантикасы емес. Сонымен «құн» сөзінің ең алғашқы мағынасы қандай болған? Соны анықтап көрейік.

*Құн* сөзі бұрын сөзбе-сөз «кісі қаны үшін төлем» дегенді білдірген. Тіпті Қазақ хандығы заманында ердің құны – жүз жылқы болатын, яғни ер адамды өлтіріп қойғаны үшін жүз жылқы төленетін. Сол үшін бұрыннан: «Ердің құны – жүз жылқы, ары – мың жылқы» деген сөз қалған.

*Құн* атауының этимологиясын Б. Ақшалова моңғол тіліндегі «адам» мағынасындағы *хун* сөзі деп айтады. Сөйтіп қазақ тіліндегі *құн* (ердің құны) сөзі «адам» деген ұғымды білдіріп тұр деп жазады:

«Қазіргі қазақ тілінде экономика термині ретінде қолданылатын «құн» сөзінің орыс тіліндегі баламасы – стоимость. Бұл сөз қазақ халқының сөздік қорында өте ерте кездерден қолданылады. Осы сөз Октябрь революциясынан бұрын «адамның төлеуіне берілетін мал-мүлік» дегенді білдіретін атау ретінде қолданылған. Осы сөздің төркінін қарасақ, монғол тілінде хүн – адам деген мағынада қолданылады. Сөйтіп, қазақ тіліндегі «құн» сөзі адам деген ұғымда болған. Өйткені, ерте кезде өлтірілген адамның құнына не адам алып, не адам өлтіреді екен; «қанға қан; қанды қанмен жуады» деген мәтелдер содан қалған. Сондықтан, бұл сөзді қазақ халқы өзінің тікелей көршісі монғолдан ауысқан болуы ықтимал. Міне, бұл сөз бұрын «адамның төлеуі» деген мағынада қолданылып, адам деген ұғымды ғана білдірсе, қазір саяси экономикалық терминге айналған» [4].

Бізше монғол тіліндегі хүн ұғымы түркі тілдеріндегі «ел, халық» мағынасындағы күн сөзімен түбірлес. Яғни, біздегі ел-күн қос сөзіндегі күн мен монғолшадағы хүн бір-бірімен байланысты. Бірақ оның құн сөзіне қатысы жоқ болса керек. Онымен қоса бірі жуан, екіншісі жіңішке сөз.

Иран тілінен өткен кірме атауларды зерттеген Н. Оңдасынов парсыша «қан» мағынасындағы хун сөзі қазақ тіліне құн «өлтірілген кісі үшін төленетін төлем» деген мағынада өзгеріп келгенін айтады [5, 123].

Солай айтылса да ол – «қан» мағынасындағы өзіміздің көне құн деген сөзіміз болуы ғажап емес. Мәселен парсы тілінің ықпалы байқалмайтын сары ұйғыр тілі сөздігінде хүн-қан қос сөзі тіркелген.

Сонда құн мен қан екеуі түбі бір сөз болса керек. Қан сөзі бұрынғы уақытта иран тіліне кіріп, сосын құн болып өзгеріп, бізге қайтып кіргенге ұқсайды.

Қазіргі түркі тілдерінің біразында алғашқы мағынасы қолданылса, кейбір қыпшақ тілдерінде (қазақ, қырғыз, қарақалпақ, башқұрт тілдерінде ғана) ауыспалы «баға» мағынасында да айтылады:

Түрікмен т. хун «өлтіргені үшін алынатын құн; өлім үшін алынатын өш, кек» (ТТС 357); түрік т. *hün* (арх.) «қан; қылмыс; қан кегі» (ТурРС 414).

Ұйғыр т. хун «қан» (ҮУТС 168); өзбек т. хун «қан; қан құны, қан кегі» (УРС 540).

Қарақалпақ т. құн (экон.) «құн, баға» (КкРС 410)

Қырғыз т. құн «құн, төленетін айып, кек; (ауыс.) баға, құн»: *Жигиттин куну жүз жылқы, ары миң жылқы (мақал); Эрдин куну нардын булу эмес* (мақал) «Ердің құны нардың пұлы емес» (КРС 445).

Татар тілінде диалект және көнерген сөз болып сақталған, татарша-орысша сөздікте бұл сөз «толк» деп аударылған:

Татар т. қон (уст. диал.) «толк»: *Адам дисәң қоны юк, хайван дисәң йоны юк* (погов.) «Человеком назвать – нет в нём толку, животным назвать нет на нём шерсти» (ТатРС 450).

Башқұртшаның түсіндірме сөздігінде қон историзм делініп, үш мағынасы келтірілген:

Башқұрт т. қон «қан құны, айыбы; өш; кек; төлем, құн»: *Аттың қоно тауза һынала, егеттең қоно яуза һынала* «Аттың құны тауда сыналар, жігіттің құны жауда сыналар» (БТһ I 675).

Сайып келгенде құн сөзінің бірінші әрі көне мағынасы «қан», екінші мағынасы «ер адам құны», үшіншісі әрі ең жаңа семантикасы «баға». Бізде соңғы мағынасы белсенді жұмсалып, бұрынғы «қан, ер адамның өлімі үшін құн» секілді мағыналары историзмге айналып ұмытыла бастады. Бастапқыда иран тіліне «қан» болып кіріп, сол тілден бізге қайтып «құн» деген формада кері айналып келген деп пайымдаймыз.

### 3. «Тауар» сөзінің түпкі мағынасы

Қазақ тіліндегі «зат, өнім» мағынасындағы *тауар* сөзі орыс тіліндегі *товар* сөзінен алынғаны айтылады. Бір жағынан, бұл қате ақпарат емес. Тура осы «зат, өнім» дегенді білдіретін *тауар* варианты орысша *товар* формасынан қазақ тілінің айтылым заңына сәйкес өзгертіліп алынған. Ал орысшадағы *товар* терминінің өзі түркі тілдерінен алынып, біздің тілге қайтып кірген. Нақтырақ айтқанда, *тауар* атауы бұрын көне түркі тілінде «ұсақ мал» мағынасында қолданылып, бұрынғы уақыттарда славян тілдеріне кірген, сосын ол сөз бізге *товар* болып қайта айналып келген.

*Тавар/табар/тауар* түрінде жазылған бұл сөз ең алғаш көне түркі жазба ескерткіштерінде қолданылған, оның ең бірінші мағынасы «мал, қой-ешкі, ұсақ мал» [1, 162] болған. Ертеде «мал» ақша құралы ретінде қолданылғандықтан, ол сөз сол кездің өзінде «мүлік, дүние; байлық; сауда құралы; қытай матасы» деген мәнді білдіре бастады. Мысалы: *таварлығ* туынды формасы «бай, ауқатты» деген мағынаны білдірген болса, *таварлуқ* термині «қазынашы» дегенді, ал *таварсақ* сөзі «дүниеқоңыз» [1, 542] мағынасын білдірген.

Он бірінші ғасырдың құнды жәдігері Махмұт Қашқаридың Диуани лұғат ат-түрк ескерткішінде *тауар* сөзі тек «тауар, мал-мүлік, байлық» мағынасында қолданылып, оның «мал» деген бірінші мағынасы ұмытыла бастады. Тіпті *Таму қапуғын тауар ачар* «Байлық (ақша) тамұқтың есігін де ашар» деген мақалда сол екінші мағынасы аңғарылады. Жәдігерде сонымен бірге *тауар тер-*, *тауар йығ-* сөз тіркестері «дүние жию, ақша жинау» мағынасында тіркелген [6, 863].

Қазіргі түркі тілдерінде болса екі түрлі фонетикалық нұсқада қолданылады. Орыс тілі арқылы қайта айналып келген *товар* сөзі «зат, өнім, мүлік» мағынасында неологизм болса, «мал» мағынасындағы *тувар/тавар* деген варианттары ертеден қолданылып келе жатқан төл көне сөз болып саналады.

Мәселен, қырғыз тілінде *тубар* атауы «қытай матасы, жібек» мағынасында сақталған болса, *тобар* нұсқасы «тері өнімі» (КРС 187) дегенді білдіреді. Ұйғыр тілінде де *тавардың* «жібек мата» (YUTS 394) деген мағынасы әлі күнге дейін бар. Ең көне және жырақта қалған тілдер саналатын чуваш пен сахада да бұл сөздің сол мағынасы бүгінге дейін сақталып отыр: чуваш т. *тавар* «иленген тері; мата» (ЧувРС 430); якут т. *табаар* «мата, бөз» (ЯРС 372).

Батыстағы қыпшақ тілдерінде тек көне «мал» деген семантикасы сақталған. Мысалы, ноғай, құмық, қарайым, қырым татар тілдерінде: *тувар* «мал, түлік» (НРС 363); *қара тувар* «қара мал»; *тувар базар* «мал базары»; *туварчы* «малшы, бақташы» (КумРС 307); балқар т. *тууар* «ірі қара мал»; татар т. *туар*: *мал-туар* «мал-жануар»; *Туар булса тун булыр, бодай булса он булыр* (мақал) «Мал болса тон болар, бидай болса ұн болар» (ТатРС 916); Башқұрт т. *туғар*: *мал-туғар* «мал-жандық» (БТһ 167).

Батыстағы оғыздар тілінде тек «ұсақ мал, қой-ешкі, ешкі» деген мағынасында ғана сақталған: түрікмен т. *довар* «ұсақ мал, қой-ешкі»: *бир сүри довар* «бір отар қой»; *доварчы* «шопан, қойшы»; *доварчылық* «қой шаруашылығы» (ТРС 274); түрік т. *davar* «ешкі»; *davar sürüsü* «ешкі отары» (ТурРС 210); әзербайжан т. *давар*: *мал-давар* «ұсақ мал» (АзРС 94).

А. Поцелуевский, Н. Елкина, М. Ряснен секілді этимолог ғалымдар тавардың «туу» мағынасындағы *тоғ-* етістігінен жасалғанын алға тартады: *тоғ-ар* = *тов-ар* = *тавар-ар* [7, 116]. Расында мұндай тұжырымның жөні бар, қыпшақ тілдеріндегі *туғар*, *тубар*, *тувар*, *тууар* деген варианттардың қолданылуы бұл этимологияға әбден дәлел бола алады.

«Сравнительная грамматика тюркских языков (лексика)» кітабының авторлары *тавар* сөзінің түбі *тан-* етістігі деп атап көрсетіп, қыпшақ тілдеріндегі *мал тан-* (мал

табу – «ақша табу»), *тапқан мал, табыс, тапқан олжа* мысалдарын дәлел ретінде береді [8, 328]. Сонда бұл тұжырымға сәйкес, қазіргі күні жиі айтылатын *табыс* терминінің өзі *мал табу* (ақша тап) дегеннен келіп отыр.

Ғалымдар сөзді *туу* және *табу* деген екі түрлі етістікпен байланыстырса да екі сөздің де түпкі мағынасы бір екендігі аңғарылады. Өйткені түптеп келгенде «табу» да негізі «туу» дегенді білдіреді, мысалы «бала тап» дегенде сол мағынасы (бала туу) шығады.

Ф. Миклошич, Ф. Корш, М. Фасмер секілді түркітанушы және славянист ғалымдар орыс тіліндегі *товар* сөзінің көне түркі тілінен алынғанын тұжырымдайды [7, 117]. Тіпті *товарищ* терминінің өзі осымен байланысты: тавар (зат) + еш (дос).

Ресей ғалымдарының өзі оны жасырмай жазады:

«Слово «товарищ» появилось в русском языке в XIV веке. По своему происхождению оно являлось заимствованием сочетания *tavar + is* из древних тюркских языков и означало «соучастник, компаньон в торговле», что и было первоначальным значением русского слова *товарищ*. *Товарищ* – тот, кто с тобой в одном «товаре», т.е. в торговой поездке, временный друг. Заимствование этого слова древнерусским языком свидетельствует о древних торговых связях Руси с тюркскими народами» [9, 17].

Сонымен қолда бар деректер негізінде о бастағы «мал» мағынасындағы *тауар* сөзінің «мүлік, дүние, зат» деген мағыналарына ерте дәуірде де ауысқанын көруге болады. Қазіргі түркі тілдерінде көбіне кейінгі семасында жұмсалып, бұрынғы «ұсақ мал» деген мағынасы ұмытыла бастаған. Өйткені қазақ және басқа түркі тілдерінде орыс тілінен қайта айналып келген *товар* сөзі белсенді қолданысқа кірген. Сөйтіп ескі «мал» мағынасындағы *тавар* сөзі ұмытыла бастаған, тіпті қазақ тілінде тіпті ондай нұсқа сақталмаған.

Әлемде ақша ретінде жұмсалған ең алғашқы *тауар* «мал» екендігі айтылады. Сол себепті байлық, ақшаны білдіретін сөздердің көбі о баста «мал, түлік» дегенді білдірген. Мәселен, латын тілінде *pecunia* «эл-ауқат, материалдық жағдай; ақша, тиын», *pecuniosus* «бай, ауқатты» деген сөздер негізінде «мал» мағынасындағы *pecus* сөзінен шыққан. Осындай ұқсас құбылыс герман тілдерінде де бар: гот т. *skattus* «мал; мүлік»; англосаксон т. *skat* (орысша скот) «мал; эл-ауқат, молшылық; ақша, монета»; неміс т. *schatz* «мал; қазына, бағалы тастар, алтын», көне орыс т. *скот* «мүлік; ақша». Словен, хорват, серб тілд. *благо* «мал; мүлік». Беларус т. *стамок* сөзі «скот, стадо» сөздерінің синонимі [10, 310]. «Мал» мағынасындағы *стамок* сөзінен орыс т. *достаток*, поляк т. *dostatek* ұғымдары да шыққан [11, 655].

Тура осылай «мал» сөзі де ауыспалы мағынаға ие болып «дүние, ақша, байлық» дегенді білдірген. Қазіргі қазақ тілінде тікелей айтылмаса да өлең, жырларда, тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдерде сол мағынасы айқын аңғарылады. Мәселен, Абайда *мал* атауы тек «ақша» деген мағынада қолданылады:

Дүние де өзі, мал да өзі / Ғылымға көңіл берсеңіз

Адал бол бай тап / Адам бол, мал тап

Өсек өтірік мақтаншақ / Еріншек бекер мал шашпақ, т.б.

**Қорытынды.** Қорыта келгенде, этимологиялық зерттеулер, сөздердің тарихына қатысты жаңа тұжырымдар мен тың пікірлер көпшілік тарапынан қашанда қызығушылық туғызып, оқырманды өзіне тартады. Қаржыға қатысты атаулар мен сауда-экономикаға байланысты сөздердің шығу тәркіні, бастапқы мағынасы деген мәселе де өзінше қызықты тақырып саналады. Өйткені түркі халықтары ежелден қаржы-экономиканы меңгеріп, әлемдік бір өркениет ретінде көрші халықтарға әсер еткен, сауда операцияларын жақсы біліп, соған қатысты терминдер шығарып, сол сөздер өзге мәдениеттерге өткен, соның ішінде ақша бірліктері, салық түрлері, таңбалар, зергерлік

бұйымдар әлі күнге дейін славян халықтарында түркі тілдеріндегі формада кездеседі. Мысалы орыс тіліндегі ең жиі айтылатын *алтын, баскак, деньги, тамга, казна, ярлык, базар*, т.б. экономика терминдерінің түбі түрік текті халықтар сөздері болуы соның айқын дәлелі. Соған қарамастан, соңғы кездері араб пен парсы және түркі халықтарына ортақ сөздерді кірме элемент деп көрсету белең алды. Анық дәлелі болмаса да парсыда бар сөзді ирандікі деп телу мәселесі байқалады. Десек те бастапқы мағынасы ұмытылып немесе көмескі тартқан төл сөздерімізді ыждағаттылықпен жинақтап, ұлт тілінің бай сөздік қоры мен көне тарихын насихаттау – лингвист мамандар міндеті. Осы тұрғыдан келгенде өз сөздерімізді өзгелерге теліп, асығыс шешім қабылдамай сөздің тарихын терең зерттеп, бұлтартпас тілдік-тарихи деректер тапқаннан кейін ғана оның қай тілге тән екенін айқын дәлелдеп барып жария еткен орынды. Бұлай деуіміздің себебі осы мақалада талданған *қор, құн, тауар* сөздері де кірме элемент деп жиі жазылады. Біз түрік текті халықтардың әр дәуірге тән ескерткіштері мен қазіргі тілдеріндегі осы сөздердің қолданысын, мағыналық-формалық тұрғыдан даму, өзгеру ерекшеліктерін, мағыналарындағы сәйкестіктерді салыстыра-салғастыра талдап, олардың арасындағы семантикалық байланыстарды анықтау негізінде бұл үш сөз де байырғы түрік сөздері деген тұжырымға келдік. Алдағы уақытта бай сөздік қорымыздың терең тарихын, көне бастауларын анықтау бағытындағы осы іспетті мақалалар циклы жалғасады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Надеяев, В.М., Насилов, Д.М., Тенишев, Э.Р., Щербак, А.М. (ред.). Древнетюркский словарь. [Текст] / В.М. Надеяев, Д.М. Насилов, Э.Р. Тенишев, А.М. Щербак – Ленинград: Наука, 1969. – 679 с.
- 2 İzbudak, V. El-İdrâk Naşiyesi. [Текст] / V. İzbudak – İstanbul: Devlet Basımevi, 1936. – 55 s.
- 3 Санжеев, Г.Д., Орловская, М.Н. Шевернина, З.В. Этимологический словарь монгольских языков, Т. I-III. [Текст] / Г.Д. Санжеев, М.Н. Орловская, З.В. Шевернина – Москва: Институт востоковедения РАН, 2015-2018. – 225 с.
- 4 Ақшалова, Б. Қазақ тіліндегі кейбір экономикалық терминдердің қолданылу аясы. [Текст] / Б. Ақшалова // Мәдени-танымдық журнал: Ақиқат порталы, URL <https://aqiqat.kazgazeta.kz/news/2309> (қаралған күні: 21.08.2024)
- 5 Оңдасынов, Н. Парсыша-қазақша түсіндірме сөздік. [Текст] / Н. Оңдасынов – Алматы: Қазақстан, 1974. – 384 б.
- 6 Ercilasun, A.; Akkoynlu, Z. Dîvânu Lugâti't-Türk. [Текст] / A. Ercilasun, Z. Akkoynlu – Ankara: TDK Yayınları, 2015. – 996 s.
- 7 Севортян, Э. Этимологический словарь тюркских языков, Т. III. [Текст] / Э. Севортян – Москва: Наука, 1980. – 393 с.
- 8 Тенишев, Э.Р., и др. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков, Лексика. [Текст] / Э.Р. Тенишев – Москва: Наука, 2001. – 822 с
- 9 Выходцева, И.С. Функционирование слова «товарищ» в советской словесной культуре. [Текст] / И.С. Выходцева // Научный журнал: Научный вестник Воронежского государственного архитектурно-строительного университета, Серия Лингвистика и межкультурная коммуникация. – 2014. – №13. – 17-23 с.
- 10 Пренображенский, А. Этимологический словарь русского языка, том второй. [Текст] / А. Пренображенский – Москва: Типография Лисснера и Совко, 1910-1914. – 420 с.
- 11 Фасмер, М. Этимологический словарь русского языка, Том III. Перевод с немецкого О.Н. Трубачева. [Текст] / М. Фасмер – Москва: Прогресс, 1987. – 832 с.

12 Ақшалова, Б.Н. Макроэкономикалық терминдердің лексико-грамматикалық сипаты, ф.ғ.к. дисс.қолжазбасы. [Текст] / Б.Н. Ақшалова – Алматы, 1998. – 156 б.

13 Тажутов, А. Халықаралық экономикалық терминдердің этимологиялық түсіндірме сөздігі. [Текст] / А. Тажутов – Алматы: Сөздік-Словарь, 1997. – 80 б.

14 Юматова, М.К. Экономическая терминология в татарском литературном языке, диссертация кандидата филологических наук [Текст] / М.К. Юматова – Казань, 2007. – 167 с.

## REFERENCES

1 Nadelyaev, V.M., Nasilov, D.M., Tenishev, E.R., Cherbak, A.M. DrevneTjurkskii slovar' [Ancient Turkic dictionary]. Leningrad, (1969): 679 s. – (In Rus)

2 İzbudak, V. El-İdrâk Haşiyesi [Al-Adraq Hashiyya]. İstanbul, (1936): 55 s. – (In Turkish)

3 Sanzheev, G.D., Orlovskaya, M.N. SHEvernina, Z.V. Etimologicheskii slovar' Mongol'skih iazykov, V. III [Etymological dictionary of Mongolian languages]. Moskva, (2018): 225 s. – (In Rus)

4 Aqshalova, B. Qazaq tilindegi keybir ekonomikalık terminderdin koldanylu aiasy [Scope of some economic terms in the Kazakh language]. Madeni-tanyndyк zhurnal: Akikat portaly. – (In Kaz)

5 Ondasynov, N. Parsysha Kazaksha tusindirme sozdik [Persian-Kazakh Explanatory Dictionar]. Almaty, (1974): 384 b. – (In Kaz)

6 Ercilasun, A.; Akkoyunlu, Z. Dîvânu Lugâti't-Türk [Dîvânu Lugâti't-Türk]. Ankara, (2015): 996 s. – (In Turkish)

7 Sevortyan, E. Etimologicheskii slovar' Tjurkskih iazykov, V. III [Etymological dictionary of Turkic languages]. Moskva, (1980): 393 s. – (In Rus)

8 Tenishev, Э., and others. Sravnitel'no-istoricheskaya grammatika Tjurkskih iazykov, Leksika [Comparative historical grammar of the Turkic languages, Vocabulary.] Moskva, (2001): 822 s. – (In Rus)

9 Vyhodtseva, İ. Funktsionirovanie slova "tovarish" v Sovetskoï slovesnoï kul'ture [The functioning of the word "tovarish" in Soviet verbal culture]. Scientific journal: Scientific Bulletin of the Voronezh State University of Architecture and Civil Engineering, Linguistics and Intercultural Communication series, (2014): №13, 17-23 s. – (In Rus)

10 Prenobrazenskii, A. Etimologicheskii slovar' Russkogo iazyka, tom vtoroi [Etymological dictionary of the Russian language, volume two]. Moskva, (1914): 420 s. – (In Rus)

11 Fasmer, M. Etimologicheskii slovar' Russkogo iazyka, Tom III [Etymological Dictionary of the Russian language, Volume III]. Moskva, (1987): 832 s. – (In Rus)

12 Aqshalova, B. Makroekonomikalıq terminderdin leksiko-grammatikalıq sipati. F.g.k. diss. qoljazbasi [Lexico-grammatical nature of macroeconomic terms. Ph.D.Sc. diss. handwriting]. Almaty, (1998): 156 b. – (In Kaz)

13 Tazhutov, A. Halykaralyk ekonomikalık terminderdin etimologiyalik tusindirme sozdigi [Etymological Explanatory Dictionary of international economic terms]. Almaty, (1997): 80 b. – (In Kaz)

14 Yumatova, M. Ekonomicheskaya terminologiya v Tatarskom iazyke, diss. kand. fil. nauk [Economic terminology in the Tatar literary language, dissertation of the Candidate of Philological Sciences]. Kazan', (2007): 167 s. – (In Rus)

## СЕМАНТИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ ФИНАНСОВО-ЭКОНОМИЧЕСКИХ ТЕРМИНОВ (НА ПРИМЕРЕ СЛОВ «ҚОР», «ҚҰН» И «ТАУАР»)

**Аннотация.** Богатство лексики казахского языка прослеживается в изобилии и разнообразии словарного запаса. Особенно большое количество слов, связанных с финансово-экономикой, в казахском языке свидетельствует о том, что казахский народ давно хорошо владеет экономикой и финансами. Среди тюркских народов и языков казахский язык отличается богатством разновидностей шкур и шерсти, множеством названий одежды, еды, руд, полезных ископаемых, дорогих тканей, материалов, ювелирных изделий и сохранением слов коренного тюркского происхождения. В статье проанализированы термины и отдельные наименования финансово-экономической сферы, используемые в активной лексике казахского языка. Самое первое значение и этимология некоторых финансово-экономических и торговых терминов в казахском языке дается на основе данных современных тюркских языков, начиная с древних и средневековых тюркских письменных памятников. Материалы неродственных языков также использовались для семантических связей между словами и для дополнительных доказательств. В данной исследовательской работе среди казахской финансово-экономической лексики представлены исконные слова, в основном общие для тюркских языков. В частности, рассмотрена история семантического изменения активных слов как «қор», «құн» и «тауар», высказаны выводы об их происхождении.

**Ключевые слова.** Словарный запас казахского языка, тюркская лексика, финансово-экономические термины, қор, құн, тауар.

## SEMANTIC DEVELOPMENT OF FINANCIAL AND ECONOMIC TERMS (USING THE EXAMPLE OF THE WORDS “KOR”, “KUN” AND “TAUAR”)

**Abstract.** The richness of the vocabulary of the Kazakh language can be traced in the abundance and diversity of the vocabulary. Especially the large number of words related to finance and economics in the Kazakh language indicates that the Kazakh people have long been well versed in economics and finance. Among the Turkic peoples and languages, the Kazakh language is distinguished by the rich variety of skins and wool, a variety of names for clothing, food, ores, minerals, expensive fabrics, materials, jewelry and the preservation of words of indigenous Turkic origin. The article analyzes the terms and individual names of the financial and economic sphere used in the active vocabulary of the Kazakh language. The very first meaning and etymology of some financial, economic and trade terms in the Kazakh language is given on the basis of data from modern Turkic languages, starting from ancient and medieval Turkic written monuments. Materials from unrelated languages were also used for semantic connections between words and for additional evidence. In this research paper, among the Kazakh financial and economic vocabulary, native words are presented, mainly common to the Turkic languages. In particular, the history of semantic change of active words such as “kor”, “kun” and “tauar” is considered, conclusions about their origin are made.

**Key words.** Vocabulary of the Kazakh language, Turkic vocabulary, financial and economic terms, kor, kun, tauar.